

"Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға қатысатын сарапшы мамандарға еңбекақы төлеу ережесін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 30 наурыздағы N 84-өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007.05.23. N 135 өкімімен.

"Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға қатысатын сарапшы мамандарға еңбекақы төлеу ережесін әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|--------------------------|--|
| Исаев | - Қазақстан Республикасының Экономика |
| Батырхан Арысбекұлы | және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, жетекші |
| Құрманғалиева | - Қазақстан Республикасының Экономика |
| Аида Дәденқызы | және бюджеттік жоспарлау министрлігі Әлеуметтік сала шығыстарын жоспарлау департаментінің директоры, жетекшінің орынбасары |
| Күзенбаева | - Қазақстан Республикасының Экономика |
| Дина Оразалықызы | және бюджеттік жоспарлау министрлігі Әлеуметтік сала шығыстарын жоспарлау департаментінің білім, ғылым, мәдениет, спорт және бұқаралық ақпарат құралдары басқармасы бастығының орынбасары, хатшы |
| Қайсенова | - Қазақстан Республикасының Еңбек және |
| Гүлжихан Қабділқайырқызы | халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Зейнетақымен қамсыздандыру және халықтың табысын реттеу департаменті директорының орынбасары |
| Қалиева | - Қазақстан Республикасы Қаржы |
| Анар Нұрдыбайқызы | министрлігінің Мемлекеттік органдарды қаржыландыру департаменті директорының орынбасары |
| Нұрахметов | - Қазақстан Республикасы Мәдениет |
| Саят Ермаханұлы | министрлігінің Экономика және қаржы |

басқармасы экономика, жоспарлау және
мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы

Нұрғожаева - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Татьяна Александровна министрлігінің Әкімшілік-құқықтық
департаменті директорының орынбасары

Қайрамбекова - Қазақстан Республикасының Ақпарат
Қатира Бөленқызы министрлігі Баспа және полиграфия
істері жөніндегі департаментінің
сыртқы байланыстар және салалық даму
басқармасы полиграфияны дамыту
бөлімінің бастығы

Көшкінов - Қазақстан Республикасы Ақпарат
Ержан Сүлейменұлы министрлігінің Баспа және полиграфия
істері жөніндегі департаменті
директорының орынбасары

2. Жұмыс тобы бір ай мерзімде "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының
іс-шараларын іске асыруға қатысатын сарапшы мамандарға еңбекақы төлеу
жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына
енгізсін.

Премьер - Министрдің

міндетін атқарушы